



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

СЕКЦИЯ 6. ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПОДСЕКЦИЯ 6.1

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ

ӘОЖ 821.512.122

ББК 83.3 (5 Қаз)

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Бақтығали Әсемай Бекмырзақызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті

ФҚТ-33 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент С. Дүйсенғазы

Астана қаласы

«Қорқыт ата кітабы» – бүкіл түркі халықтарына ортақ тарихи-әдеби жәдігер. Ондағы әрбір жырда түркілердің көне салт-дәтүрлері, әдет-ғұрыптары, жер дүниенің жаратылысы туралы таным-түсініктері баяндалады. Қорқыт ата – Сыр бойын мекен еткен оғыз тайпасының оғланы, анасы – қыпшақтың қызы. Сондықтан оғыз-қыпшақтар арасында аса танымал, аңыз ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған тарихи тұлға. Қорқыт ата хикаясы VII-VIII ғасырларда жазылған оғыз тайпаларының басынан өткерген түрлі тарихи оқиғаларға құрылған. Бұл туралы академик Ә.Марғұлан: «Қорқыт – тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Азиядағы түрік тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыз-легендалар, ән-күйлер қазақ пен түркімендерде көбірек жолығады» деген пікір айтады [1;135]. Хикаяның зерттелуі барысында екі нұсқасы белгілі болды. Бірі он екі жырдан тұратын Дрезден нұсқасы, оның мұқабасындағы аты: «Китаби дедем Коркут ғали лисани таифаи у огузан», ал екіншісі Ватикан нұсқасы «Хикаят оғыз-наме Қазанбек уа ғайри» деп аталады.

«Қорқыт ата кітабы» мынадай он екі тараудан тұрады:

1. «Дерсехан ұлы Бұқаш хан туралы жыр»,
2. «Салар Қазанның ордасына жау шабуылы туралы жыр»,
- 3.«Хан Бураның баласы Бамсы-Бейрек туралы жыр»,
- 4.«Қазанбектің баласы Оразбектің тұтқындалуы туралы»,
5. «Бұқа Қожаның ұлы Домбауыл (Домрул) туралы жыр»,
6. «Қаңлы Қожа ұлы Хан-Тұралы (Төрәлі) туралы жыр»,
7. «Қазылық Қожа ұлы Йүгенек туралы жыр»,
8. Бисаттың Дөпе Гөзді қалай өлтіргені туралы жыр»,
9. «Бегіл ұлы Әмірен туралы жыр»,
10. «Үйсін Қожа ұлы Секрек туралы жыр»,
11. «Салар-Қазанның тұтқынға түсуі, оны баласы Ораздың құтқаруы туралы жыр»,
12. «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы көтеріліске шығуы, Бейректің өлімі туралы жыр».

«Қорқыт ата кітабында» суреттелетін оқиғалардың сюжеттік желісі мен оқиғалардың біразы түркі тектес халықтардың көпшілігінің ауыз әдебиетіндегі эпостық жырларда да көрініс береді. Бұған басты себеп әрине түбі бір туыстық болса, сонымен қатар тұрмыс-тіршіліктің, арман-мүдделердің бірлігінен, жүріп өткен тарихи жолдың ұқсастығынан болса керек. Мұндай ұқсастықтарды қазақ эпосынан да жиі кездестіруге болады. Мысалы,

қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қырымның қырық батыры» сияқты жырлары мен «Қорқыт ата кітабы» арасынан батырлар бейнесінің сомдалуы, оқиғалардың суреттелуі, негізгі идеялары тұрғысынан да көптеген ұқсастықтарды байқаймыз.

Қазақтың белгілі академигі Ә.Марғұлан Қорқыт Ата кітабындағы орталық бейне – Төбекөзге ерекше мән беріп тұлғасына өзінше сипаттама берген. Осы бейне арқылы түрік, оғыз жырларының шығу тегі тұрғысынан көнелілігі, олардың жалпы адамзат өркениетіне әсер-ықпалының күшті болғанын дәлелдейді. Мысалы, неміс ғалымы Дицтің Дрезден нұсқасына сүйене отырып, Қорқыт жырларындағы Төбекөз бен Гомердің «Одиссеясындағы» Циклопты (Полифемді) салыстыра келіп, бұл бейнені гректердің түріктерден алғаны туралы айтқан дәлелі – ғылымға бұрыннан белгілі жайт. Ә.Марғұлан зерттеулерінде Төбекөз сюжетінің қазақтардың көне ертегі-аңыздарындағы нұсқалары туралы көп айтылған. Мәселен, «Аушар хан» ертегісіндегі жалғыз көзді дәуге байланысты ертегілер, аңыз-әңгімелер қазақ ауыз әдебиетінің ескі үлгілерінде көп кездесе, Ә.Марғұланның дәлелдеп бергеніндей, осылардың барлығының сюжеттік желісі Қорқыт Ата кітабындағы Төбекөз әңгімесімен бірдей үндесіп тұр. Бұл тұста Қорқыт жырларындағы Төбекөздің де, қазақ ертегілеріндегі, жырларындағы жалғыз көзді дәудің де халық жадында өте ертеден айтылып келе жатқаны, тіпті олардың мифтік сананың үлгілері болып келетінін қорытындылауға негіз бар.

Қазақ эпостарында негізінен көшпелі тұрмыс-тіршілікке байланысты қаһармандардың тұлғалары ұқсас болып жатады. Мысалы, тез есеюі, батыр болып ерте атқа қонуы, жар таңдауы, ерекше тұлпар мінуі тәрізді. Ал «Қорқыт жырларында» тұрмыстың басқа да белгілерін қамтып жырлауға көп орын берілген.

«Алпамыс», «Қобыланды» және «Қорқыт» жырларында баласыз қартайған ата-аналардың өз отбасы мен руының қорғансыз екеніне қайғырып, «есепсіз байлығының» баянсыздығына күйіну мотиві бар. Мұндай жағдайлар эпостарда екі түрде сипатталады: 1. Елі мен жерін сыртқы жаулардан қорғайтын ұлдың жоқтығына жасы келген қарт әкенің қайғыруы және оның іштей ойланып қайғыруына байланысты; 2. Баласыз жандарды жиын-тойларда әшкерелеп, қудалауға ұшырату. Мысалы, «Алпамыс» эпосында Байбөрі жылқы ішінде жүріп былай деп налиды:

Егелік қылар бұл малға,
Артымның жоқ панасы.
Өліп кетсем осы мүлік
Кімдікі болар шамасы?.

Қорқыт жырында Қам Бөрі өзі теңдес бектердің балаларын көріп көңілі босайды: «Хан Қазан, неге аңырамайын, ұлда тірегім жоқ; Алла тағала мені қарғапты; бектер, тажым, тақтым үшін аңыраймын (жылаймын), бір күні өліп кетсем орнымда, жұртымда кім қалар» дейді (III жыр).

«Қобыланды» жырының екінші нұсқасында Ақшаханның (кей варианттарда Алшағыр, Жәңгір, т.б.) «қу бас» атандырып, «Бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ» деп жәбірлегеніне қатты наразы болған Тоқтарбай үйіне келіп ащы шындықты әйеліне айтады. Мұнан ары олардың қасиетті әулиелерге түнеп, олардан бала тілеп кетуі баяндалады. Ал Қорқыт Ата жырындағы Дерсе хан ұлы Бұқаш хан туралы жырда осыған ұқсас мотив кездеседі: «Кімде-кімнің ұлы, қызы жоқ – қара отауға қондырыңдар; жесе жесін, жемесе тұрсын да кетсін деген еді. Ұлы барды ақ отауға, қызы барды қызыл отауға қондырыңдар; ұлы, қызы жоқты Тәңірі қарғапты, біз-дағы қарғаймыз, мейлі білсін деген еді» (М.Е. I жыр).

Бір-біріне ұқсас мотивтер мен сюжеттік қайталаулар өте көп. Әсіресе, Алпамыс жырының жалпы сюжеттік желісі оғыз эпосындағы Бамсы-Бәйрек (III жыр) есіміне байланысты айтылатын оқиғалармен бүтіндей сәйкес келетінін барлық зерттеушілер қолдайды.

Ат беру: Оғыздарда ер жігіт бір ерлік жасаған кезінде оған арнайы есім берілген. Осындай ерлік көрсеткен ер жігітке жырда Қорқыт Ата тарапынан арнайы есімдер беріліп,

баталар оқылған. Мысалы, Берсе хан ұлы Бұқашжан туралы жырда Қорқыт Ата – «Байындыр ханың өгізімен алысып, соны өлтірді. Баланың аты Бұқаш болсын. Менің берер атым сол, Тәңірі өмірін ұзақ қылсын» депті. Ал қазақтың батырлар жырындағы болашақ нәрестенің анасы қабыланның, арыстанның, т.б. өкпесін, жүрегін жеп, жерігін басу секілді сенімдер де осындай аңыздардың бір көрінісі секілді сарындас сюжеттер. Мұнда қаһармандардың есімі хайуанаттардың атауына (мысалы, оғыз эпосындағыдай бұқа – Бұқаш) тікелей байланысты болып келе бермейді, бірақ олардың мінездемелері «арыстан туған», «қабылан», «арыстандай ақырып» деп бейнелеу құралдарымен үнемі толықтырылып отырады. Қорқыт Ата жырында да Қазан ханның тұрақты эпитеті: «Амыт суының арыстаны, Қарашықтың қабыланы» сияқты болып келеді.

Кейде жырда, қаһарманның тууына байланысты мотивтерде, шежіре-аңыздардың сілемдері ғана сақталған. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Асыл нұрдан жаралған,

Қыдырбай шалдың еркесі,
Қара қыпшақ Қобыланды
Балаңыздың аты бар.

Үйлену той: Оғыз Ұшан баласы Секрек туралы жырда Оғыз Ұшан аман-есен келген екі баласының құрметіне ақ ала шатырлар тіккізіп, семіз айғырлар сойғызып түйеден үлек, қойдан қошқар сойғызып ұлы той жасайды. Қазақтың «Ер Төстік жырында» да Тоқпан балаларының аман-есен елге оралғанына ұлы той жасап түйеден бура, жылқыдан айғыр, қойдан қошқар сойғызады.

Құда түсу салты: Жігіт жақ қызды әкесінен немесе ағасынан сұрайды. Қызға құда түсіп, жасы үлкен ақсақал немесе мәртебелі кісі келеді. Қорқыт Ата Қаршардан қарындасын Бамсы Байраққа былай деп сұраған болатын: «Мен сенің аспанмен таласқан Қаратауыңның басына шықсам деп келдім, суы гүрілдеп аққан суыңнан өтсем деп келдім. Мен сенің кең етегіңнен еніп, тар қолтығыңа сыйсам деп келдім. Көктің бұйрығы, Тәңірінің жолы деп мен сенің айдан ақ, күннен сұлу қарындасың Бану Шешекті Бамсы Байраққа алып берсем деп келдім». Мысалы, «Ер Төстікте» Тоқпан тоғыз баласына қыз іздеп жүріп бір үйге келеді. Жоғарыда ілулі тұрған сегіз сырғаны көреді, үй иесі кенже қызы Кенжекейді тоғызыншы деп көрсетеді. Тоқпан ол үйге құда түсіп, Кенжекейді Ер Төстікке алып береді.

Қалың мал дәстүрі: Байбөрі баласы Бамсы Байрақ туралы жырда Бану Шешекке құда түскелі келген Қорқыт Ата Қаршардың алдына келіп, иіліп сәлем береді. Қаршар қарындасын беру үшін Қорқыттан: «келеге түспеген мың үлек, үйірге түспеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, құйрығы мен мойны жоқ мың ит, мың бүрге» қалың мал сұрайды.

Түс жору әдеті: Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырда Ұлашұлы Қазан Салор ұйықтап жатып жаман түс көреді. Ұйқысынан шошып оянып, көрген түсін айтып жорытады. Жалпы, дастандарда түс көру мотиві – бас кейіпкердің іс-әрекетінің негізі. Түс көру әрекеті қазақтың «Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.б. туындыларында кездеседі. Мысалы, Төлегеннің Ақ Жайықтан еліне қайтар мезгілінде Жібектің жайсыз түс көріп шошынуы, түбінде сол түстің расқа айналуы. Ауылынан ата-анасының айтқан уақытында, қасына нөкер ертіп кетпей, Жібекке берген уәдесінен кешікпеу үшін асығып, жалғыз, жасырын аттанған Төлегеннің інісі Сансызбаймен қоштасуынан осындай қауіптің сарыны сезіледі. Төлегеннің Қособаның түбінде Бекежан бастаған алпыс қарақшының қолынан мерт болуы – әлгі түстің дәлелденуі.

Бел құда ғұрпы: Байбөрі баласы Бамсы Байрақ туралы жырда Байбөрінің баласымен Байбіжанның қызын бесікте жатқанда қосып, жиналған жұртты куә қылады. Осындай құдалықтың түрі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында да кездеседі. Мысалы, Сарыбай мен Қарабай бір-біріне уәде беріп бірімізден ұл, бірімізден қыз туса айырылмас құда болайық деп анттасады.

Хикаядағы батырлар бейнесінің қазақ эпостарында көрініс табуының өзі батырлардың

образдарының шығу тегі бір арнадан екендігін дәлелдейді. Түбі бір тектен шыққан батырлар бейнелерінің ұқсас болуы да заңдылық. Қаншама тарихи оқиғалардан өтіп, бүгінгі күнге дейін ауызша жеткендіктен де ортақ сюжеттік ұқсастықтар кездеседі. Қазірде түркі халықтарында әртүрлі аталып жүрген батырлар есімінің өзі де бір батырдың образы болуы мүмкін. Біздің мақсатымыз олардың ортақ белгілерін тауып жалпы түркіге ортақ қаһармандар болғандығын көрсету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә. Марғұлан. «Ежелгі жыр-аңыздар». Алматы: Жазушы., 1985. – 368б;
2. Ә. Қоңыратбаев. 1-том, Алматы: МерСал., 2004. – 504б;
3. Х. Сүйіншәлиев. «Қазақ әдебиетінің тарихы», Алматы., 1997. – 55б;
4. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті», Алматы., 2005. – 336б.

ӘОЖ: 821.512.122

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Бақтығали Әсемай

tanirbergen.ai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ филологиясы
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Үсен А. Ә.

Қай дәуірде болмасын адами құндылықтар жаратылыстың ішіндегі ең ұлығы болып есептеледі. Адам баласын Алла Тағалам жаратқан уақытта сананың да, болмыстың да ең ғажабы етіп жаратқан. Дүниенің қожасы етіп жер бетіндегі барша тіршілік иесінен жоғары қойғандағы Жаратушының да өз есебі бар, Адам баласына – мына дүниені аманат етуі.

Қаншама уақыт дамуды, алға қарай ілгерілеуді өткізіп дамыған жаңа заманда әр халық, әр адам өз биігінде түрлі жетістіктерге жетті. Жаһандану үдерісі, мәдени салаларда, әдебиеттің дамуы әр елде жаңа белестерді бағындырғандығы белгілі. Адам ойының кемеліне келіп жаңа цивилизация қоғамда жаппай орын алып жатса да, өзгермеген құндылықтар бар. Олар – адамның рухани өрісі. Мұны әр халық жақсы біледі. Зиялы қауым өкілдері мен кемеңгер тұлғалардың барлығы ғасырдың қай уақытында болмасын адамзат игілігі үшін мұра қалдырды. Әлем әдебиетінің қай классигін немесе классикалық туындысын алып оқысақ та өзімізге қажет азықты ала білсек, бұл – жаңа оймен алға қарай дамуға мүмкіндік жасайды. Ағылшынның атақты классигі Шекспирдің соннеттері, француздың танымал ақыны Бальзак, орыстың заңғар жазушылары Толстой мен Достоевскийі қазіргі заманның өзінде маңызын жоғалтқан жоқ. Себебі адам өзгерсе де, адами құндылық өлшемдері өзгермек емес.

Қазақ халқының әдебиетін жаңаша серпінмен көтерген тұлғаның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Оның қай шығармасын қарасақ та қоғамның ақсап жатқан тұстарын дөп басып айтқандығын көреміз. Өз заманының қалпын суреттесе де сол уақыттағы қоғамдық мәселелердің әлі де күрмеулі тұрғаны байқалады.

Сонымен қоса Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген екі ғасыр тоғысындағы қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге белсене атсалысып , болып жатқан өзгерістерге өзінің пікірін , ой тұжырымдарын сол уақыттағы баспасөз беттерінде «Дала уалаятының газетінде » және «Айқап» журналында жариялап тұрған . Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан шыққан «Сарарқа кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарында қазақ халқы үшін көкейкесті мәселелерді көтереді . Патшалық Ресейдің отарлау саясатын, қазақ халқын орыстандыру мен шоқындыру сияқты екіжүзді ниетін әшкерелейді .